

ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Жазушы, 2003. - 5 том.
2. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Жазушы, 1998. -1 том.
3. Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1974.- 3 том – 114б.
4. Қирабаев С. Әдебиет дамуының жаңа кезеңі. // Уақыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1975. - 73б.
5. Жармағамбетов Т. Отамалы. – Алматы: Раритет, 2002. - 212б. – 39б.
6. Бердібаев Р. Роман және заман. – Алматы: Жазушы, 1967.- 157б.
7. Серікқалиев З. Жазушы және шығарма. //Сын кітабы: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1990.- 27б..
8. Хамзин М. 60-80 жылдардағы қазақ романы. - Алматы: Жазушы, 1997.- 12б.

П. БЕРІКБОЛОВА,

С. Демирел атындағы университеттің аға оқытушысы

ХІХ-ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНІҢ ДӘУІРЛЕНУІ

Түрік әдебиетінде әдебиет тарихын дәуірлеуде академик Фуат Көпрілінің принциптері негізге алынады. Біз сол принципті басшылыққа ала отырып 19-20 ғасырлардағы түрік әдебиетіне тоқталуды жөн көрдік. 19 ғасырдағы түрік әдебиетін академик Фуат Көпрілі былай дәуірлейді.



Танзимат әдебиеті. Османлы империясының соңғы жылдары Европаға бетбұрыс басталды. Осы кезде 3 қараша 1839-шы жылы Танзимат Жарлығы шықты. Бұл жарлық империяның саясаты, қоғамдық өмірі, басқару және білім саласына түбегейлі өзгерістер әкелді. Европа дамыған сайын Османлы империясы кері кетіп бара жатыр еді. Түбегейлі өзгерісті империя басындағылар өздері қалады. Европадан қалмаудың басқа жолы жоқ еді. Танзимат әдебиеті, танзимат жарлығынан кейін саясат, басқару және білім саласында батыс мәдениетіне толығымен бетбұрғаннан кейін батыстың ықпалымен батыс мәдениеті кезіндепайда болған түрік әдебиеті. Танзимат әдебиеті саяси танзимат жарыланғаннан 20 жылдан кейін 1860-шы

жылы Шинасидің *Тержуман-ы ахвал* атты газетті шығаруымен басталады. Сөйтіп 1895-ші жылға дейін жалғасады. Баспаханалар дамып, журналистика батыстың үлкен ықпалында қалады. Ұлы әдебиетшілер шыға бастайды. Диван әдебиеті дәуірі танзимат әдебиетінің пайда болуымен аяқталады. Халықтың күнделікті қолданған тілі қайта қолданыла бастайды. Осы кезде проза, роман, пьеса үлкен орын ала бастайды.

Танзимат әдебиетімен бірге қоғамға жаңа түсінік, жаңа стиль келді, бұрын көп көңіл бөлінбеген прозаға көңіл бөліне бастады. Осы кездегі ең маңызды кісілер Шинаси, Зия Паша, Намык Кемаль, Ахмет Митхат, Режайзаде Екрем, Абдульхак Хамит, Самипашазаде Сезаи.

Танзимат әдебиетінің жалпы ерекшеліктерін қысқаша айтар болсақ: әдебиетке бұрын болмаған әңгіме, роман, пьеса, мақала, естелік, сын... сияқты әдеби түрлер ене бастады. Күнделікті өмірге байланысты сюжеттер негізгі тақырыпқа айналды. Проза мен поэзияда тақырып кеңейеді. Халыққа халықтың тілімен үндеу көрініс табады. Отан, тәуелсіздік, халыққа деген сүйіспеншілік тақырыбы көп жазыла бастайды. Аударма мен журналистика осы кезде пайда болады.

Жаңа поэзияның ең маңызды ерекшелігі шындық пен шын өмірді суреттеуінде еді. Поэзияға халық тілін әкелген Шинаси болды. Намык Кемал саясатқа, Абдульхак Хамит философияға кетеді. Поэзияға сезімталдықты Режайзаде Екрем мен Абдульхак Хамит алып келді. Муаллим Нажи болса поэзияны неоклассицизмге апарғысы келді. Ескі өлең түрлерінің орынына жаңа өлең түрлерін, әсіресе француз әдебиетінің өлең түрлерін қолданды.

Прозаға келер болсақ, нағыз проза Танзиматпен басталады. Газеттердің шыға бастауымен бірге европаның проза жанрлары да түрік әдебиетіне кіре бастайды. Прозаның мақала, сын, әңгіме, роман, пьеса сияқты жанрлары келді. Еміле ережелері де алғаш рет осы кезде қолданылған. Танзимат кезінде жарияланған газеттердің саны жетпіске жетсе, журналдардың саны жүзден асып кетеді.

Түрік әдебиетінде алғашқы роман туралы түсінік еуропа тілінен аударылған романдармен басталады. 1859-шы жылы Юсуф Камиль Паша алғаш рет Фелеонның Телемаку (*Telemaque*) атты романын аударарды. Одан кейін Виктор Гюго, Даниел Дефо аударылды. Алғашқы түрікше роман болса 1872-ші жылы «Таашшук-ы Талат ве Фитнат» (Талат пен Фитнаттың махаббаты) деген атпен Шемсеттин Сами жазды. Одан кейін 1874-ші жылы Ахмет Митхат «Хасан Меллахты» 1876-шы жылы Намык Кемаль «Интибах» атты романмен осы жолды жалғастырды [1,35-71].

Сервет-и Фүнун әдебиеті. Сервет-и Фүнун «ғылым қазынасы» деген мағынаға сәйкес келеді. «Сервет-и Фүнун» деген атпен Режайзаде Екремнің басшылығымен журнал шығады. Осы журнал маңында бас қосып бір жолда жүрген әдебиетшілердің 1896-1901-ші жылдар арасында бастатқан ағымының аты болып келеді. Сервет-и фүнуншылар: Тевфик Фикрет, Халит

үшін» деген ұстанымды бір жаққа ысырып тастап «жеке, тұлғалық» көзқарасты жақтаған ақын болғысы келсе де, Намык Кемалдың ықпалынан еш құтыла алмаған. Өйткені ол да «бостандық, ұлт, отан» тақырыбына мейлінше жиі оралып, әдебиеттің даму үрдісіне қосылды. Міне сондықтан сервет-і фүнун өкілдері көбінесе осы 2-ші танзиматтың ықпалында қалып қойып, солардың дәстүрлік шеңберінен шыға алмаған.» Ал енді осы әдебиетшілерге тоқталар болсақ, Абдулхак Хамит сол кездегі жастардың пішін мен мазмұнға әкелген жаңалығын кеңейтіп, қоғамдық мәселелерді артқа тастап, табиғатқа жақын, тым көркем сөз тіркестері жасау жағынан үлгі тұтқан. Оның өлеңдерінде мазмұн пішіннен маңыздырақ. Режайзаде Екрем болса ақыл, парасаты және көсемдігімен серветі фүнуншыларға әсер еткен. Олар «ұйқас құлақ үшін» деген пікірді осы Режайзаде Екремден алған. Оның ойынша «Кез келген өлеңде өлшем мен ұйқастың болуы міндетті емес. Қалай десек те, өлшем мен ұйқасы бар кез келген сөз -өлең емес».[2.176.б] Бұл ұстанымды сервет-и фүнуншылар да қолдап, поэзияны прозаға жақындатуға себеп қылған. Сонымен бірге Режайзаде Екрем серветі фүнун әдеби кезеңінің поэзиясына мұңды, зарлы, мелонхолиялық сезімнің кіруіне де себеп болған. Пішінге мән бермейтін шабыттылыққа қарсы Муаллим Нажы болса, нақтылық пен қарапайымдылықты жақтады. Олар Нажины көненің жақтаушысы деп сынға алса да, оның да ұстанымын мойындап, ықпалында қалғандықтарын көреміз.

Бұл әдебиетшілерден басқа батыстың да ықпалы бар екендігін баста айтып кеткен едік. Сервет-и фүнуншылар француз тілін жақсы білгендіктен сол кездегі батыс әдебиетіндегі ағымдарға көп бет бұрған. Женап Шехабедин символизмді, парнасизмді, Халит Зия Ушаклыгиль реалисттерді, Бешир Фуат болса реалист және натуралисттерді үлгі алған. Натурализмді қоспағанда аталған үш ағым да «өнер өнер үшін» деген принципті ұстанған. Сервет-и фүнуншылар суретке ұқсас өлең жазуды парнасшылардан, әуезге еліктеп өлең жазуды символисттерден үйренген болатын.

Сервет-и фүнуншылардың үлкен қателігі тілге деген көзқарастарында байқалады. Олар: «Өлең қарапайым халыққа емес, таңдаулыларға, білімді адамдарға ғана арнап жазылады» деген.» [2.178.б] Қарапайым халық тілімен жазуды ысырып тастап, түрік тілінде кездеспейтін арапша және парсыша сөздер мен сөз тіркестерін мейлінше мол қолданған. Сервет-и фүнуншылардың стильдік көзқарасын Женап Шахабеттиннің мына сөздері анықтап тұрғандай: «Бүгінгі таңдағы француз поэзиясында сондай бір үйлесім бар, мұны Ламартиннің немесе Гюгоның өлеңдерінен байқай алмайсыз. Гармонияға деген қызығушылық жаңа дәуір француз әдебиетшілеріне не жаңалық әкеледі, не жақсы нәрсені ұмыттырады. Вагнер жазған музыканың ләззаты мен сүйкімділігін есту үшін музыка маманы болу керек болса, жас француз әдебиетшілерінің өмірге әкелген туындыларын

сезініп, сүйсіну үшін де поэтикалық нәзік рух қажет» [2.178.б]. Сондықтан да олардың өлеңдері сол кездегі оқымыстылар сияқты қазіргі таңдағы оқымыстыларға да жат сөз тіркестеріне тұнып тұр. Әдебиет зерттеушісі Нихат Сами Банарлы: «Олардың қоспасыз, қарапайым түрік тіліне қарсы болғандығы поэзия дәстүріміздегі орны толмас ұтылыс болды»-дейді. [3].

Сервет-и фүнун ағымының табысты жанрларынан бірі-роман. Олкезге дейін түрік әдебиетінде роман жанры қатты дамымаған еді. Поэзияда Сервет-и фүнуншылар түрік әдебиетіндегі алыптармен күш сынаса алмады. Ал прозада болса, Халит Зия Ушаклыгильдің есімі қазірге дейін ауыздан түспейтін есімдерден бірі болып қалды. Әдебиеттанушы ғалым Ахмет Кабаклы жазушыға былай баға берген: «Сервет-и фүнун ағымының романы мен әңгімесі дегеніміз – бұл Халит Зия Ушаклыгиль деген сөз» [2.180.б].

Қорыта келгенде, сервет-и фүнуншылар поэзиядағыдай, прозада да «өнер өнер үшін» деген принципті ұстанған. Тек жақсы роман жазу үшін ғана талпынған.

Фежр-и Ати әдеби кезеңі. Фежр-и Ати әдебиеті, әдебиеті жедиденің серветі фүнуннан кейінгі екінші тармағы. Фежр-и Ати қоғамы 1909-шы жылдың 20-наурызында Стамбулда «Хилал» газетінің баспаханасында алғашқы жиындарын өткізіп, 1910 жылының 20 ақпанында серветі фүнун журналының 977-ші санында өздерінің құрылу себебін халыққа жариялайды.

Фежр-и Атишілер сол кездегі әдебиетке көп үлес қоса алмаса да батыстың әдебиетіне өте жақын болған. Қоғам мүшелерінің бір пікір маңайында жинала алмауы, сынға қарсы тұра алмаулары қысқа уақытта міндеттерінің бітуіне әкеп соғады. 1912-ші жылы «Генч калемлер» журналының шығуымен бұлардың жұмысы тоқтайды да мүшелерінің көбі ұлттық әдебиетшілерге қосылады. Осы ой пікір маңайына жиналған ақын жазушылар болса: Ахмет Хашим, Якуп Кадри Караосманоглу, Рефик Халит Карай, Хамдуллах Сүпхи Танрыөвер, Ахмет Самим, Емин Бүлент, Емин Лами, Тахсин Нахит, Желел Шакир, Файк Али. Кезінде осы қоғамға қатысып кейін түрік әдебиеті тарихында елеулі орынға ие болған Ахмет Хашим, Якуп Кадри Караосманоглу, Рефик Халит Карай, Хамдуллах Сүпхи Танрыөвер, Фуат Көпрілі сияқты тұлғалар болмағанда қазір бұл қоғам туралы сөз де қозғалмаған болар еді. Фежр-и Ати әдебиетінің ұлы ақыны сөзсіз Ахмет Хашим . Ол 20-шы ғасырдағы түрік поэзиясындағы елеулі есім. Қаламгер М.С.Сүтүвен ол туралы былай дейді: «Менің ойымша болашақ ұрпақ Ахмет Хашим үшін Фежр-и Атиге құрмет көрсететін болады» [4,217-218.б]

20 ғасырдағы түрік әдебиеті. 20 ғасырдағы түрік әдебиеті төмендегідей кезеңдерге бөлінеді



Ұлттық әдебиет. Жирмасыншы ғасырда 1908-1923-ші жылдар аралығында дамыған әдебиетті ұлттық әдебиет дейміз. Бұл әдеби ағым республика дәуіріне дейін жалғасады. Мехмет Емин Юрдакул, Мехмет Акиф Ерсой, Яхия Кемал Бейатлы, Фарук Нафиз Чамлыбел сияқты ақындар поэзия саласында, Өмер Сейфеттин, Халиде Едип Адывар, Якуп Кадри Караосманоглу, Решат Нури Гүнтекин, Нуруллах Атач, Фалик Рыфкы Атай, Мемдух Шефкат Есендал сияқты жазушылар проза алаңында өздерін биіктен көрсете алған ақын- жазушылар болып есептеледі.

Ұлттық әдебиет кезеңінің ойшылдары болса Зия Гөкалыппен Фуат Көпрілі. Ұлттық әдебиет кезеңінің ең басты ерекшеліктерін былай атап өтуге болады: ұлттық әдеби арналарға бетбұрды, тысқы әсерлерден құтылғылары келді, халықтың күнделікті өмірін тақырып ретінде таңдады, мемлекеттік тақырыптарға да үлкен маңыз берген. Поэзияда аруз өлшемінің орынына ұлттық өлшем буынды қолданған. Түрікше баламасы бар кірме сөздерден тілді тазалауға тырысқан. Осы орайда 11-ші сәуір 1911-ші жылы Селаникте шыға бастаған «Генч калемлер» (Жас қаламгерлер) журналының атқарған еңбегі орасан зор болған. «Ұлттық әдебиет» ұғымын ең алғаш қолданғандар да осы жас қаламгерлер. Өмер Сейфеттин, Зия Гөкалып және Али Жанип Йөнтемі сияқты жазушылар түрік тілін кірме сөздер мен арап, парсы тілдерінің грамматикалық ерекшеліктерінен құтқару үшін мынадай ұсыныс жасады: 1) Бір тіл бір тілден сөз ала алады, бірақ ереже алуға болмайды. Сөйлеу тілі, жазу тілі деп екіге бөлінуге болмайды. 2) арап әріптері түрік тілінде жазу жазу үшін ыңғайлы емес. 3) Арапша және парсыша сөз тіркестерімен көптік жалғау ережелері мүлдем қолданылмауы керек. Күнделікті сөйлеу тіліне кіріп кеткен арапша, парсыша сөздерді қалдыруға болады. Сөйлеу тілі бүкіл түріктер түсіне алатындай Стамбул түрікшесі болуы керек. 4) Баламасы бар сөздердің орнына кірме сөздер қолданылмауы керек. Кейбір кірме сөздер қалай айтылса, солай жазылуы керек. 5) Жазуда тек қана ұлттық грамматика қолданылуы керек. [4,499-507.б]

Танзимат әдебиеті өкілі Намык Кемал түрік тіліне деген жанашырлығын былай танытады: «Жаңа әдебиет халыққа бетбұруы қажет, беделді біреулерге қызмет еткенше халықтың дертін, қайғы-мұңын жеткізсін. Сондықтан халыққа үн қататын қарапайым тіл қажет. Әдеби тіл-халықтың

тілі болуы керек. Өйткені тіл мен әдебиеттің кемшілігінен халық сауатсыз болып жатыр. Үлгілі әдебиет – ұлттық бірліктің тұғыры.» 19-шы ғасырда саяси-экономикалық тұрғыдан әлсіреген Осман империясы 20-шы ғасырда ыдырады. Шетел басқыншылары түрік халқының топырақтарына көз тікті. Бірақ бодандық көрмеген түрік халқы Ататүріктің бастауымен ұлт азаттық көтеріліске шығып жеңіске жетті. Осылайша жаңа Түркия Республикасы құрылды. Осы ұлт азаттық көтеріліс (Kurtuluş Savaşı) пен ұлттық күресті (Millî mücadele) қолдау кезінде жазылған шығармалар «ұлттық әдебиет» атауын тудырды. Зерттеуші Ж.Әбілдаев осы тіл реформасы туралы былай дейді: «Ұлттық әдебиет кезеңінде түрік тілінің ескіліктен құтылып, заманына сай қарапайым да түсінікті тілге, яғни халықтық тілге жетуіне «Генч калемлер» (Жас қаламгерлер) деп аталатын әдеби топтың қосқан үлесі орасан, тіпті негізгі десек те болғандай. Түрік ақын жазушыларының басым көпшілігі түрік тілінің қазіргі саф түрікшеге жетуіндегі ерекше еңбекті осы ұйымның үлесіне тайға таңба басқандай белгілеп береді. Шынында да, республикалық кезеңнен кейін басталған «тіл төңкерісі» деп аталатын жаңа тіл реформасына Генч калемлер ұсыныстары негіз болған» [5,96.б].

Республика кезіндегі әдебиет. Түрік әдебиетінің ең жемісті кезеңдерінің бірі-түрік республикасы жарияланғаннан кейінгі кезең. Әрі поэзия әрі проза саласында, аудармада европада білім алып келген жастар өз ой мақсаттарын халыққа түсінікті тілде жеткізе бастады. Бұл кезеңде сөйлеу тілі мен жазу тілі арасында ешқандай айырмашылық қалмады, буын өлшемі толығымен орнығып, аруз өлшемі болса қолданыстан шықты. . [6, 371-372]

Османлы империясы бірінші дүние жүзілік соғыста жеңілгеннен кейін ыдыраған мемлекеттер империя топырақтарын талан-таражға сала бастайды. Империя, жерінің көбінен айрылып қалады. Отандарын қорғау мақсатында Анатолияны тұтас қамтыған ұлт азаттық соғысы 1919-1922-ші жылдар арасында жалғасады. 24. 07. 1923-ші жылы қол қойылған Лозан келісім шартынан кейін бұл соғыс ресми түрде тоқтайды да 29.10.1923-ші жылы түрік республикасы құрылады. Ұлт азаттық соғыс Анатолия халқының бір мақсат үшін бірігуіне жол ашады, осы кезде анатолия деген ұғым маңызды бола бастайды. 1919-шы жылдан 1922-ші жылға дейін жалғасқан әдеби ағым республика дәуіріндегі әдебиеттің негізін қалайды. [6,377]

Республиканың құрылуы үлкен өзгерістер әкелсе де 1928-ші жылға дейін әдебиетте көп өзгерістер бола қоймайды. 1928-ші жылы атазаңнан діни үкімдердің алынып тастауы, латын әліпбиінің қабылдануы, 1931-ші жылы түрік тарихы қоғамының құрылуы, 1932-ші жылы түрік тілі қоғамының құрылуы 1933-ші жылы жоғары оқу орындарының университет жүйесіне өтуі және тағы басқа түбегейлі өзгерістер қоғамды түбегейлі өзгеріске итермелейді. [6, 390]

Ататүрік және ол әкелген азаттық және түбегейлі өзгерістер әдебиетте көрініс таба бастайды.

Осы кезеңнің негізгі ақын жазушылары: Самих Рыфат, Селим Сырры Таржан, Нейзен Тевфик, Юнус Нади, Аднан Адывар, Халил Нихат Бозтепе, Бесим Аталай, Мемдух Шевкет Есендал, Халикарнас Балыкчы.

1940-шы жылдан кейінгі әдебиет. Бұл кезеңдегі әдебиетке жаңа әдебиет деп те қарастырылады. Жаңа әдебиет кезеңі Орхан Вели, Октай Рыфат және Мелих Жевдеттің бірге қосылып жариялаған «Гарип» (ғарип) атты өлең жинағын басып шығаруымен басталады. Кейін Зия Осман Саба, Жахит Сытқы Таранжы, Фазыл Хүснi Дағларжамен жалғасып, ататүрікшілік, қоғамшылық, халықшылық ағымдарына жол ашады. Поэзияда күнделікті өмірден алынған тақырыптар белең алып жалпы халыққа үндей бастайды. Жаңа әдебиетті 1940-1955-ші жылға дейін бірінші кезең, 1955-тен қазіргі таңға дейінгі кезең болса екінші кезең деп бөлеміз [7,75б]. Бұл кезеңнің негізгі ақын жазушылары: Назым Хикмет, Ахмет Хамди Ташпынар, Кемалеттин Каму, Ахмет Кутси Тежер, Ахмет Мухип Дыранас, Селахаттин Бату, Жахит Сытқы Таранжы, Зия Осман Саба, Фазыл Хүснү Дағларжа, Орхан Вели Канык, Мелих Жевдет Андай, Октай Рыфат, Жахит Күлеби, Азиз Несин, Яшар Кемал, Саит Фаик Абасыянык [7, 172].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Караалиоғлы, С. К, Resimli motifli Türk edebiyatı tarihi / İnkılap kitabevi-İstanbul : 1985- 2-ші том
2. Кабаклы Ахмет. Түрік әдебиеті.3-ші том. Стамбул-1994.
3. Банарлы Нихат Сами. Ресимли түрк едебияты тарихы. 2-ші том. Стамбул-1983
4. Караалиоғлы, С. К, Resimli motifli Türk edebiyatı tarihi / İnkılap kitabevi-İstanbul : 1985- 3-ші том
- 5.Әбілдаев Жеңіс. Түрік әдебиеті тарихындағы ұлттық әдебиет кезеңінің тілі. Түркология.-2003.-№2.
6. Караалиоғлы, С. К, Resimli motifli Türk edebiyatı tarihi / İnkılap kitabevi-İstanbul : 1982- 4-ші том
7. Караалиоғлы, С. К, Resimli motifli Türk edebiyatı tarihi / İnkılap kitabevi-İstanbul : 1986- 5-ші том

ÖZET

Bu makalede 19-20 asırlardaki Türk edebiyatının tasnifi ve o edebiyat dönemleri ile ilgili bilgi verilmiştir.

ABSTRACT

The article considers the classification of the 19-20 century literature of Turkey and its periods.